«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ
«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ»

# «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясын жүзеге асыруда жыраулардың тәлім-тәрбиелік ілімдерін оқыту мәселелері

Байкенова С.Ж., Деңгейлік бағдарламалар орталығы тренері

Мен *Мәңгілік Ел* ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» Стратегиясының *түп қазығы* етіп алдым.

Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – *Мәңгілік Ел болу* біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.



Н.Ә.Назарбаев

# «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясы

…*Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы* сияқты ұлы құндылықтар ғана *мәңгі*.

…Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым *Мәңгілік Ел* болу үшін бізде бәрі бар. *Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!*

...Қазақтың *Мәңгілік Ғұмыры* ұрпақтың *Мәңгілік болашағын баянды етуге арналады*. Ендігі ұрпақ - *Мәңгілік Қазақтың Перзенті.*

Ендеше, *Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!*

«Мәңгілік Ел» идеясы

Ұлт жоспары - «100 нақты қадам»

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

***Елбасының сындарлы саясатының негізгі басымдылығы ортақ мүдде, бірлік, татулық, бейбітшілікке үндейді.***

# «Мәңгілік Ел» Ұлттық идеясы – халық руханиятының бастауларында

Әдебиет –өмір айнасы

*Рухани байлық* ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, *әдебиеті, мәдениеті, өнері, шыққан түп тамырында* жататыны белгілі.




Әдебиетті оқыту әдістемесінің *мақсаты* – әдебиетті адамзаттың ғасырлар бойы жасалған мұрасы сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшелігіне сүйене отырып, оны *халқымыздың «Көркем тарихы», «Өмір оқулығы» дәрежесінде оқып үйрету.*



Әдебиет пәні *жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін,* оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады.



## Жыраулар поэзиясы – асыл мұра

Жыраулар поэзиясы ұлттық болмысымыздың қалыптасуында аса қуатты ықпалдылығымен ерекшеленді. Мемлекетті басқарған хандардан бастап, балаға тәлім-тәрбие беретін эстетикалық асыл қазына қалдырды. Қазақ халқы сөз өнерін киелі санайды.





*Асан қайғы*


*Доспамбет жырау*


*Жиембет жырау*



*Бұқар жырау*


*Ақтамберді жырау*


*Үмбетей жырау*

# Жыраулар поэзиясының тақырыптары




Туған жерді, елді сүю



Адамгершілік қасиеттерді насихаттау



Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру



Елге, жерге еңбегі сіңген хандар, батырлар

**Бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын киелі ұғым – «МӘҢГІЛІК ЕЛ» идеясы**

# Мұғалімге пәнді оқытуда қойылатын талаптар

* әдебиетші мұғалім көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек;

* көркем туындыны талдаудың ғылыми-әдістемелерін жетік меңгеруі қажет;

*әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс.

* бүгінгі күннің талап деңгейінде оқыту;

*ақынның поэзиясын оқытуда гумнистік, адамгершілік-эстетикалық сарынын күшейту, сабақ барысында оның көтерген ізгілікті тағылымды, өнегені ашуды, ұлттық құндылықтарды танытуды, сол арқылы оқушының ұлттық рухани санасын қалыптастыруды нысана тұту;

# Мұғалімге пәнді оқытуда қойылатын талаптар

* оқушының көркемдік-ассоциациялық, образдық ойлануына, шығарманы өнер табиғатына сай оқи білуіне, оның идеялық-эстетикалық мән-мағынасына терең бойлап, тебірене қабылдауына жағдай жасап, оқырман ретіндегі мәдениетін көтеру;

*оқушының оқу-танымдық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ету;

* ақын шығармашылығын оқытуда білім берудің жаңа технологияларын қолдану.

*Ақын-жыраулар поэзиясының рухани-танымдық, тәрбиелік мәнін ашуда әдебиетті оқыту әдістерінің қазіргі білім беру талаптарына сай таңдалуы мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.*

# Жыраулар поэзиясының тәлім-тәрбиелік мәні

«Мәңгілік Ел» идеясы

- **Отандық рух**
  - Жемде кеңес қылмадың,<br>Жемнен де елді көшірдің…<br>*Асан қайғы*
  - Бетегелі Сарыарқаның бойында,<br>соғысып өлген өкінбес...<br>*Доспамбет жырау*
- **Ұрпаққа өсиет**
  - … Бірлігіңнен айырылма,<br>бірлікте бар қасиет.<br>Татулық болар береке, қы лмасын жұрт келеке…<br>*Ақтамберді жырау*
  - Сөйткен менім Еділім,<br>Мен салмадым, сен салдың,<br>Хайырлы болсын сіздерге<br>Менен қалған мынау Еділ жұрт<br>*Қазтуған жырау*
- **Өмірлік ұстанымдар**
  - Жақсымен жолдас болсаңыз,<br>Айырылмасқа серт етер.<br>*Бұқар жырау*
  - Жат бойынан түңілсін,<br>Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз!<br>*Үмбетей жырау*

# «Мәңгілік Ел» - жас ұрпақ үшін маңызды мәселе

*Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетіміздің ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.*

*Н.Назарбаев*



* Халықтың рухани болмысының алтын қазынасына айналған ақын-жыраулар поэзиясын оқыту – «Мәңгілік Елдің» жас ұрпағы үшін маңызды мәселе.



Қазақ елі үшін бірлігін сақтауға, мемлекеттілігінің тұтастығын қамтамасыз етуге жыраулар поэзиясының беретін тәлім-тәрбиелік жақтары ұшан теңіз.



*Жаһандану заманында Қазақстанның өркендеп дамуына тигізер ықпалы зор.



* Ұрпақтың ***Мәңгілік болашағы*** – педагог қызметкерлердің қолында.